

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 447 Жарлығын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 18 қазан N 1553

Қазақстан Республикасы Президентінің "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2000 жылдың қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" 2000 жылғы 30 қыркүйектегі N 447 U000447 _ Жарлығын іске асыру мақсатында және "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңының Z939000_13-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері шақыру комиссияларының жұмысын ұйымдастырсын және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2000 жылдың қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізуді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі шақырылушыларды жинау және әскерлерге жөнелту орындарында ішкі істер органдары қызметкерлерінің күшейтілген кезекшілігін ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі белгіленген тәртіппен шақыру пункттерін медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өтінімдері бойынша мерзімді әскери қызметтің запасқа шығарылған әскери қызметшілері мен Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға әскери қызметке шақырылған азаматтарды тасымалдауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтарды, сондай-ақ мерзімді әскери қызметтен запасқа шығарылған әскери қызметшілерді тасымалдауға жұмсалатын шығыстарды өтеуді республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаржы шегінде, тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдарға тікелей, олар ұсынған шоттар бойынша жүргізсін.

6. Некеде тұратын және бір баласы бар шақырылушыларды шақырудың шекті

жасына дейін мерзімді әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылсын.

7. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы

органдары әскерге шақырылатын жастар арасында "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңын орындауға бағытталған профилактикалық жұмысты жандандырсын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.